

## ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі

**6B01 - Педагогикалық ғылымдар**  
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау**  
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0114**  
(Халықаралық стандарттық, білім беру жіктеуішіндегі код)

**B016 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау**  
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті**  
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**бакалавр**  
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылды 2023 жыл

Семей 2023

**Әзірленді**

ПБ академиялық комитеті  
АК басшысы А.Қ.Қадыров  
ӨБ менеджері А.М.Жумагулова

**ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Филология факультетінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында  
Университеттің ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды  
Хаттама № 4.1 "06 " сәуір 2023 ж.  
Комиссия Төрағасы Ш.С.Кенесбаева

Университеттің ғылыми кеңесінің отырысында 2023 ж. «25» сәуірдегі № 8 хаттама бекітілді.

**БЕКІТІЛДІ**

университеттің ғылыми кеңесінің отырысында  
2023 жылғы "01" қыркүйек № 1 хаттама.  
Университеттің ғылыми кеңесінің төрағасы Орынбеков Д.Р.

## **Мамандыққа кіріспе**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курста мұғалім мамандығы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімнің жеке басы және оның кәсіби қызметінің ерекшеліктері туралы мағлұмат беріледі. Мұғалім мамандығының теориялық негіздері, қазіргі мұғалімнің педагогикалық қабілеттері мен шеберлігі туралы сипатталып айқындалады. Курс аясында Қазақстан Республикасындағы орта білім беру жүйесі және білім беру саласындағы заңнамалар меңгеріледі. Қазіргі Білім беру жүйесінің жай-күйі талданады

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Студенттерді болашақ мамандықтың теориялық негіздерімен, оның қоғамдағы орны және оны дамыту құралдарымен таныстыру және олардың бойында педагогикалық қызметке қажетті кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты меңгеру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Қазақ тілі мен әдебиеті салалары бойынша дайындалатын бағыттармен таныс болу

2) Мектеп мұғалімдерінің жұмысын жүзеге асыруға қатысты ақпараттарды меңгеру.

3) Оқытудың барлық кезеңінде қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру

### **Пререквизиттер**

Мектеп курсы

### **Постреквизиттер**

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## **Жас ерекшелік психологиясы және физиология**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс адамның анатомиясы мен физиологиясы, жас ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді, жоғары жүйке қызметінің заңдылықтары және адамның жүйке жүйесінің функционалдық ерекшеліктері қарастырылады. Оқушылардың онтогенездегі психикалық және физиологиялық дамуы, жас ерекшеліктері мен дамуының негізгі заңдылықтары, психофизиологиялық нормаларды есепке алу негізінде баланың дамып келе жатқан түлғасының маңызды психикалық ерекшеліктері туралы жүйелі түсінігін қалыптастырады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Оқушылардың онтогенездегі дұрыс, ғылыми білімді, адамның ақыл- ой және физиологиялық дамуын мәдени даму аспектіндегі психология мен физиологиялық дамудың маңызды мәселелері бойынша әр түрлі көзқарастар туралы түсініктерін қалыптастыру. Студенттерді олардың кәсіби психологиялық - педагогикалық және физиологиялық дайындығын нығайтуға, психологиялық- физиологиялық білім бөлімін тереңдетуге ықпал ететін теориялық және практикалық біліммен қаруандыру.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- адамның ақыл- ой және физиологиялық дамуын мәдени даму аспектіндегі психологиямен физиологиялық дамудың маңызды мәселелері бойынша әртүрлі көзқарастар туралы түсініктерін қалыптастыру.
- білім алушылардың кәсіби психологиялық - педагогикалық және физиологиялық дайындығын нығайтады.
- психологиялық-физиологиялық білімбөлімнен тереңдетуге ықпал ететін теориялық және практикалық біліммен қаруандыру.

### **Пререквизиттер**

Мектеп курсы

### **Постреквизиттер**

Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)

## **Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері**

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Интеграцияланған пән құқық және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениет, экономика, кәсіпкерлік және көшбасшылық, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері саласындағы негізгі мәселелер мен қағидаттарды қамтиды. Нормативтік құқықтық актілерді пайдалану ерекшеліктері, Қоғамның іскерлік, этикалық, қоғамдық, экономикалық, кәсіпкерлік және экологиялық нормаларын пайдалана білу. Экологиялық-құқықтық, экономикалық, кәсіпкерлік қатынастардың, көшбасшылық қасиеттердің және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы күрес қағидаттарының ерекшелігі.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Антропогендік әсер ету және төтенше жағдайлар жағдайнанда тірі организмдердің тұтастай биосфераның жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтарын және олардың тұрақты даму тетіктерін зерделеуден тұрады; сыйбайлар жемқорлық үғымын, оған қарсы

курестің заңдылығын, мемлекеттік қылмыстық-атқару саясатының мазмұнын түсінуден; білім алушыларда Экономикалық теория негіздері бойынша базалық іргелі тұрақты білімді қалыптастырудан, экономикалық ойлау іскерлігі мен дағдыларын сіңіруден; студенттерді кәсіпкерлік теориясы мен практикасымен, өз ісін құру негіздерімен таныстырудан; көшбасшылық қасиеттерді дамыту және жетілдіру.

### Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- тіршілік әрекетінің маңызды басымдықтары ретінде табиғи ортаның қауіпсіздігі мен сақталу мәселелерін талдайды;
- табиғат пайдалану және орнықты даму негіздерін білетіндігін көрсетеді, техногендік жүйелердің қоршаған ортаға әсерін бағалайды;
- Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілерін білуін, оларды түсінуін және қолданылуын көрсетеді;
- экономикалық процестердің даму заңдылықтары туралы білімдерін көрсетеді, өз ұстанымын нақты тұжырымдайды, оны қорғаудағы дәлелдерді табады және нақты баяндайды;
- кәсіпкерлік қызмет түрлері мен кәсіпкерлік ортаны сипаттай алады, бизнес-жоспар құра алады, кәсіпкерлік құрылымды құрады және оның қызметін ұйымдастыра алады;
- үлкен және кіші әлеуметтік топтарды басқарудағы көшбасшылық рөлі туралы іргелі ережелерді біледі.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## Әдебиеттануға кіріспе

Пән циклі

Базалық пәндер

Курс

1

Академиялық кредит саны

3

Білімді бақылау нысаны

Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Әдебиеттегі теориялық ұғымдардың бастапқы негіздерін менгерту арқылы көркем шығарманы талдау, саралу, саралтау тәсілдері қарастырылады. Көркем мәтіннің композициялық жүйесі, өлең құрылышы мен үйқас түрлері, автор қолданған көріктеу құралдары, автордың кейіпкермен байланысы, әдеби тек пен түр, әдеби мектептер мен әр түрлі ағымдар және бағыттар, стиль түрлері туралы бастапқы ұғымдар беріледі. Алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Әдебиет теориясының жалпы мәселелері сараланып оқытылады. Әдеби теориялық ұғымдардың ғылыми сипаттамалары талдананып, көркем мәтіннің эстетикалық табиғаты, әлеуметтік мәнін, өзіне тән ерекшеліктерін, әдеби құбылыстардың қоғамдық негізін, әдебиеттің даму заңдарын, әдебиеттік әдіснама, бағыт пен ағым, әдебиет тектері (жанр), оның түрлері, көркем шығарманың композициясы, тілі, өзіне тән ерекшеліктері, өлең құрылышы тәрізді мәселелерді қамтиды.

### Оқыту нәтижелері

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты менгеру.

ОН 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін менгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)Әдеби процесс, әдебиеттің тектері мен түрлері, көркемдік әдіс, ағым, бағыттарды анықтау

2)Әдебиет тарихы, өнердің қоғамдық функциясы, туындының болмыс- бітімі, әдеби жанр, көркемдік әдіс, ағымдар, стиль мәселеісі туралы түсініктегі қалыптастыру

3)Әдебиеттануға қызығынан терминологиялық аппараттарды қолдану.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Әдебиет теориясы

## Тіл біліміне кіріспе

Пән циклі

Базалық пәндер

Курс

1

Академиялық кредит саны

5

Білімді бақылау нысаны

Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Тіл білімі және оның бастапқы ғылымдармен байланысын көрсете отырып, қоғамдық мәні мен оның жүйесі, құрылымы туралы білім қорын жинақтайды. Қазақ тіл білімнің қалыптастасу, даму кезеңдері туралы теориялық білім беріп, білім алушыға ғылыми-терминологиялық аппаратты менгердеді. Алған білімдерін іс-тәжірибеде қолдана алу дағдысын қалыптастырады. Мамандық бойынша одан әрі тілдік талдау дағдыларын қалыптастыруға негіз болады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Тіл білімнің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстыру, тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастыру және тілдік талдау дағдыларын қалыптастыру

### Оқыту нәтижелері

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты менгеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)Тіл білімнегін үзілігі ұғымдар мен тілдік терминдермен танысу,

2)Тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық мәні жайлы түсінікті және тілдік талдау дағдыларын қалыптастыру

3)Тіл білімнің теориясы мен методологиясы бойынша алған білімдерін тәжірибеде қолдану

## **Пререквизиттер**

Мектеп курсы

## **Постреквизиттер**

Жалпы тіл білімі

## **Педагогика**

Пән циклі

Базалық пәндер

Курс

1

Академиялық кредит саны

5

Білімді бақылау нысаны

Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пәннің мазмұны білім алушыларда педагогикалық ғылымның теориялық – әдіснамалық негіздері және кәсіби – педагогикалық іс-әрекеттің мәні туралы тұтас көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Курсты оку білім беру ортасында тұтас педагогикалық процесті үйімдастырудың мазмұны, принциптері, формалары мен әдістері туралы қажетті білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Курсты оку білім алушыларда оку мен оқытудағы заманауи тәсілдерді сәтті жүзеге асыру ушін қажетті құзыреттерді қалыптастырады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Педагогика оку пәні ретінде студенттерде педагогика объектісі мен пәні, оның функциялары, категориялық аппарат, ғылым әдіснамасы туралы білімді қалыптастыруды мақсат етеді. Курсты оку білім алушылардың білім беру мекемесі жағдайында педагогикалық процесті жобалау мен бағалауда қажетті құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді. Пән тақырыптарының мазмұны оқыту мен тәрбиелеудің формаларын, құралдарын, әдістерін таңдауда және сәтті қолдануда білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Пән теориясы бойынша негізгі ұфымдарды біледі
2. Педагогикалық дайындық жүйесінде білімді меңгерген және тұтас педагогикалық үдерісті ескере отырып шешім қабылдайды
3. Педагог мамандығының негізгі дағдыларын қолданады

## **Пререквизиттер**

Мектеп курсы

## **Постреквизиттер**

БББ базалық және бейіндеуши пәндері

## **Оқу практикасы**

Пән циклі

Базалық пәндер

Курс

1

Академиялық кредит саны

2

Білімді бақылау нысаны

Практика бойынша қорытынды баға

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Оқу практикасы оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылады және оның тәмендегідей мақсаттары анықталады. Таңдаған мамандығы бойынша өндіріс жағдайында жұмыстардың практикалық дағдыларын игеру және студенттердің университетте алған білімдерін практика барысында бекіту.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларын, іскерлік қарым-қатынасты жүргізу дағдыларын менгеру. Мамандығы бойынша өндіріс жағдайында жұмыстардың практикалық дағдыларын игеру және білім алушылардың университетте алған теориялық білімдерін бекіту.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты менгеру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Өзінің келешек кәсібінің әлеуметтік маңызын және мәнін түсіну

2. Оқу үдерісінде алған теориялық білімін тереңдетіп, мамандығы бойынша іс-тіжнрибие лік дағдылар жинақтау

3. Әз бетімен іздену, зерттеу жүргізу, оның нәтижесін түйіндей бәлу іскерлігін таныту.

## **Пререквизиттер**

Мектеп курсы

## **Постреквизиттер**

педагогикалық тәжірибе

## **Инклюзивті білім беру**

Пән циклі

Базалық пәндер

Курс

2

Академиялық кредит саны

3

Білімді бақылау нысаны

Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс барысында студенттер инклюзивті білім берудің принциптері мен әдістемелік негіздері туралы білімдерін қалыптастырады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға, инклюзивті білім беруді нормативтік құқықтық қамтамасыз етуде туындастырылған кедергілерді болдырмауға, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласындағы үйімдастырушылық және басқару құзыреттеріне қатысты заманауи талаптардың жаңа үлгілері туралы идеялар

қалыптасады. Білім беру үйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үлгілері туралы білімді менгереді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Бұл пәннің мақсаты-студенттерді білім берудегі инклюзивті процестерді үйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелерімен таныстыру; инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке дайын, балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік психологиялық- педагогикалық қолдау көрсете алатын, олардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық студенттер үшін білім беру бағытын құрудың инновациялық технологияларын менгерген динамикалық, тиімді, өзін-өзі жетілдіретін маман қалыптастыру.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. мүмкіндігі шектеулі балалардың интеграциясы туралы ғылыми-практикалық идеялар қалыптасада.

2. инклюзивті практика жағдайында білім беру үйымдарының әдістемелік, басқарушылық жұмысымен танысады.

3. инклюзивтік білім беру үйымдарында білім беру үдерісінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру ерекшеліктерін түсінеді.

### **Пререквизиттер**

Жас ерекшелік психологиясы және физиология

### **Постреквизиттер**

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## **Жаңартылған білім беру мазмұны мен критериалды бағалаудың технологиясы**

Пән циклі

Базалық пәндер

Курс

2

Академиялық кредит саны

5

Білімді бақылау нысаны

Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курста жаңартылған білім беру мазмұны технологияларының мәні мен міндеттері, оку процесіндегі критериалды бағалаудың технологиясы мен әдістемесі, жаңартылған білім беру мазмұны шенберіндегі педагогтер жұмысының негізгі бағыттары аясында қарастырылатын: коллаборативті ортаны қалыптастыру, оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып оку процесін дайындау және өткізу, топтық және жұптық тапсырмаларды пайдалану сияқты педагогикалық іс-әрекеттер талданады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Болашақ мұғалімдердің жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, АКТ құзырылышы жоғары, табысты өмір сүруге дайын маман дайындау болып табылады.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ОН9 Кәсіптік мақсат үшін оқыту ортасында пайдаланатын әдіс пен тәсілдемені, әдістеменің зерттеу бағыттары мен зерттеу әдістерін саралап, оқыту технологиясын бірізді және орынды қолдану, ғылыми тұрғыдан саралтамалық талдау жасау.

ОН10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Жаңартылған білім беру мазмұны технологияларының мәні мен міндеттерін біледі

2. Жаңартылған білім беру мазмұны шенберіндегі педагогтер жұмысының негізгі бағыттары аясында қарастырылатын педагогикалық іс-әрекеттер талданады

3. Жаңартылған білім беру бойынша оқулықтардың мазмұнын талдай алады

### **Пререквизиттер**

Педагогика

### **Постреквизиттер**

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## **Әдеби шығармашылық**

Пән циклі

Базалық пәндер

Курс

2

Академиялық кредит саны

5

Білімді бақылау нысаны

Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Студенттердің рухани дүниесін байыту, көркем шығармамен қаруландыру. Студенттердің көркем шығарманы менгерту барысында эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру. Логикалық ойын, ауызекі сөйлеу, жазу мәдениетін қалыптастыру. Әдеби – теориялық білімге сәйкес көркем шығарманы талдауға үрету. Эпостық, драмалық, лирикалық шығармаларға әдеби талдау жасай білуге, пікір білдіруге, рецензия жазуға үрету.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Әдеби – теориялық білімге сәйкес көркем шығарманы талдауға үрету.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 6 Жалпы адамзаттық құндылықтарды айқындаіт отырып, әр түрлі дәүірлердің көркемдік құбылыстарын түсіндіріп және түрлі жанрлардағы көркем шығармалардың құрылымын талдай алу.

ОН 8 Әдебиеттану ғылыми мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылыминың өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1.Көркем шығармаға талдау жасаудың ғылыми принциптерін игеру
2. Әдеби шығарманың мазмұны мен пішінің арақатынасының сироны үғу
- 3.Әдебиеттану ғылымын құрайтын үғымдармен, категориялармен танысып, игеру

#### **Пререквизиттер**

Қазақ халық ауыз әдебиеті

#### **Постреквизиттер**

Қазақ әдебиетінің тарихы /1941-1960 жж/

### **Абай әлемі**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән тарихи фактілерді, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының идеялық-эстетикалық құндылықтарды қалыптастыратын философиялық-көркемдік негіздерін игерте отыра, студенттің өз пікірін айта білу, практикалық дағдыларды және адамгершілік, адалдық, көркем мінез сияқты адами қасиеттерді қабылдауды менгертеуді. Қазақ әдебиеті қаламгерлерінің данышпандық қырлары мен М.Әуезовтің Абай мұрасын зерттеу, насиҳаттаудағы рөлін, шығармаларының тарих, әдебиет, ғылым үшін маңызын айқындайды.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Философиялық және дүниетанымдық болмыстың мағынасын қалыптастыру, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармаларында көтерілген мәселелерді түсіну және алған білімді күнделікті өмір тәжірибесінде қолдану.

#### **Оқыту нәтижелері**

ОН 6 Жалпы адамзаттық құндылықтарды айқындай отырып, әр түрлі дәүірлердің көркемдік құбылыстарын түсіндіріп және түрлі жанрлардағы көркем шығармалардың құрылымын талдай алу.

ОН 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына қатысты тарихи фактілерді, шығармалардың философиялық-көркемдік негіздерін талдайды

2) Абайдың философиялық-көркем шығармаларының гуманистік идеяларын практикада қолданады

3) Абай еңбектерінің әдебиет және ғылым тарихындағы орны мен маңызын бағалайды

#### **Пререквизиттер**

Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтаптану, саясаттану, мәдениеттаптану, психология)

#### **Постреквизиттер**

БББ базалық және бейіндеуіші пәндері

### **педагогикалық тәжірибе**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Теориялық білімдерін болашақ педагогикалық қызметінде салыстырады. Сауатты және шеберлік әдіспен сабактарды жүргізуі болжайды, өз бетімен және тәлімгердің жетекшілігімен белгіленген мақсатқа немесе ұсқаулық пен талаптарға сәйкес оқу материалдарын әзірлеуде өзіндік пікірін ұсынады.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Педагогикалық процестің негізгі сипаттамаларын зерттеу үшін қолданылатын психологиялық-диагностикалық әдістер кешенін игеруе отырып, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру

#### **Оқыту нәтижелері**

ОН10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, занбарын, занылыштарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

1. Теориялық білімдерін практикада көрсету.

2. Психология -педагогикалық жұмысын үйімдастыру әдістерін менгеру.

3. Оқыту және тәрбиелу әдістерін қолдану.

#### **Пререквизиттер**

Оқу практикасы

#### **Постреквизиттер**

педагогикалық тәжірибе

### **Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Психологиялық-педагогикалық практиканың мазмұны мектептің тұтас педагогикалық процесінде оқу-педагогикалық процесті және басқару жүйесін үйімдастырудың ерекшеліктері туралы идеяны қалыптастыруға бағытталған. Білім алушы сынып

жетекшісінің жұмыс жүйесін қоса алғанда, педагог қызметінің барлық түрлері мен бағыттарымен танысады, сабактар мен сыныптан тыс сабактар барысында байқау, білім алушылардың жас ерекшеліктерінің психологиялық- педагогикалық диагностикасын жүргізеді, психологиялық-педагогикалық ағарту жұмысын жүргізеді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Педагогикалық іс-тәжірибелің мақсаты білім беру жүйесінде тәрбие процесін жобалаумен және іске асырумен байланысты кәсіби педагогикалық құзыреттерді қалыптастыру, білім алушылардың әлеуметтік және кәсіптік бейімделу жағдайларын қамтамасыз ету, олардың педагогикалық кәсіптік нормалары мен құндылықтарын игеруі, педагогикалық қызметтің іс-әрекет тәжірибесін алуда білім алушылардың жеке басының кәсіптік бағдарлануын қалыптастыру болып табылады.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ОН10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, занбарын, зандылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Теориялық білімдерін практикада көрсету.
2. Психология -педагогикалық жұмысын ұйымдастыру әдістерін меңгеру.
3. Оқыту және тәрбиелеу әдістерін қолдану.

### **Пререквизиттер**

Жас ерекшелік психологиясы және физиология Педагогика

### **Постреквизиттер**

Педагогикалық практика

## **Педагогикалық практика**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Болашақ мұғалімнің кәсіптік-дербестік, қасиеттерін, дәғды мен спецификалық түйсікті қалыптастыру, кәсіптік біліктілікті игеру, теориялық білімдерін дамыту, тереңдептү және бекіту. Мұғалім мен оқушы іс-тәжірибесін, арақатынас мағынасы мен логикасын үгіну, оқу-тәрбие процесін бақылауға үйрену.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

білім беру жүйесінде оқытудың оқу-тәрбие процесін жобалаумен және іске асырумен байланысты кәсіби педагогикалық құзыреттерді қалыптастыру, білім алушылардың әлеуметтік және кәсіптік бейімделу жағдайларын қамтамасыз ету, олардың педагогикалық кәсіптік нормалары мен құндылықтарын игеруі, педагогикалық қызметтің іс-әрекет тәжірибесін алуда білім алушылардың жеке басының кәсіптік бағдарлануын қалыптастыру болып табылады

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ОН10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, занбарын, зандылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Теориялық білімдерін болашақ педагогикалық қызметтінде салыстырады. Сауатты және шеберлік әдіспен сабактарды жүргізуіді болжайды, өз бетімен және тәлімгердің жетекшілігімен белгіленген мақсатқа немесе нұсқаулық пен талаптарға сәйкес оқу материалдарын әзірлеуде өзіндік пікірін ұсынады.

### **Пререквизиттер**

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

### **Постреквизиттер**

Өндірістік (педагогикалық) практика

## **Грамматикалық талдау**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Грамматика теориясының тіл білімі ғылымында алатын орнын түсіндіру. Грамматикалық теория ұғымының қалыптасуын, лингвистикиң салаларымен өзара байланысын меңгерту. Тілдің грамматикалық зандылықтары, грамматикалық құрылышы, грамматикалық категория жайлы түсінік беру. Сөздерге, сөйлемдерге грамматикалық талдау жасап үйрету. Грамматика саласынан білімдерін тереңдетіп, ұштай түсү. Мектеп оқылыштарындағы сөйлемдерді грамматикалық талдау білуге баулу.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Тілдің грамматикалық зандылықтары, грамматикалық құрылышы, грамматикалық категория жайлы түсінік қалыптастыра отырып грамматикалық талдау жасау білуге үйрету

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

ОН10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, занбарын, зандылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Тілдің грамматикалық зандылықтары, грамматикалық құрылышы, грамматикалық категория жайлы түсінік беру
2. Сөйлемдерге грамматикалық талдау жасап үйрено
3. Мектептегі қазақ тілі оқылыштарындағы сөйлемдерге грамматикалық талдау жасап үйрено

### **Пререквизиттер**

Тіл біліміне кіріспе

## **Постреквизиттер**

Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі

## **Қазақ әдебиеті сыны**

Пән циклі

Бейіндеуші пәндер

Курс

3

Академиялық кредит саны

5

Білімді бақылау нысаны

Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Сыни ой-пікірлердің тузы мен даму тарихына тоқталу. Сын арналарын менгерту. Баспасөз және сын мәселесіне тоқталу. Заман және көркемдік мұрат мәселесін менгерту. Дарындар сын додасындағы шығармаларды талдауға үйрету. Дәйектеме сын мен әдеби өркендеудегі тарихи сабактастықты түсіндіру. 70-80 жылдардағы сын мәселелерін менгерту. Қазіргі қазақ әдебиеті сынының жай-күйі, тәуелсіздік жылдардағы сынның жағдайына тоқталу.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Қазақ әдеби сынының тарихының әдеби даму жолдарының қыр-сырын аңғару, талдау процесімен тікелей байланысты болғандықтан сынның туу және қалыптасу кезеңдерін әдебиет тарихына жанастыра көрсету. Қазақ әдебиеті сынының жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық, тиянақты білім беру.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

ОН 8 Әдебиеттануға ғылыми мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылыминың өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Қазақ әдебиеті сынының қалыптасуынан мәлімет беру

2. Қазақ әдебиетін сының қалыптасы мен даму тарыхын иегеру

3. Сын жанрларында көтерілген мәселелерді таныстыру, әдеби шығармаға сынни пікір айта алу

## **Пререквизиттер**

Әдебиеттануға кіріспе

## **Постреквизиттер**

Әдебиет теориясы

## **Емле және тыныс белгілерін оқыту әдістемесі**

Пән циклі Базалық пәндер

Курс 4

Академиялық кредит саны 3

Білімді бақылау нысаны Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Емле және тыныс белгілерін оқыту ғылыми-тәжірибелік маңызын, міндетін түсіндіру. Сауатты жазудың іскерлік пен дағдылардың қалыптастырудың психологиялық негіздерін менгерту. Орфографиялық сөздіктерді қолдану әдістерін үйрету. Дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға талдау жасаудың түрлерін менгерту. Орфография, орфоэпияның мәселелері өте тығыз байланысты және айырмашылықтары да бар, оларды жете түсіндіру. Тілдегі сөздердің жазылу нормаларын, принциптерін түсіндіру.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Сауатты жазудың іскерлік пен дағдылардың қалыптастырудың психологиялық негіздерін менгерту.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты менгеру.

ОН 10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, занбарын, зандылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Тілдің орфография мен орфоэпиясын, грамматикасы мен әдеби түрін жетеменгеру

2. Тілімізде сауатты жазуда, тіл мәдениетін көтеруде орфографиялық ережелерді сақтауға баулу

3. Әлеуметтік желілерде дұрыс жазып, көшшілік алдында дұрыс сөйлей білуге баулу

## **Пререквизиттер**

Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем және сөз тіркесі синтаксисі

## **Постреквизиттер**

Өндірістік (педагогикалық) практика

## **Жалпы тіл білімі**

Пән циклі Базалық пәндер

Курс 4

Академиялық кредит саны 5

Білімді бақылау нысаны Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән мазмұны жалпы тіл білімі ғылыминың негізгі нысанына енетін тіл теориясы, тілдің табиғаты мен мәні, тіл мен сөйлеу, тілдің қоғаммен байланысы, тілдің қалыптасуы және дамуы, лингвистикалық мектептер мен бағыттар, олардың өзіндік қалыптасу ерекшеліктері, лингвистикалық талдаудың әдістері мен тәсілдері, тілдің даму зандылықтары туралы түсінік қалыптастырып, алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алуға дағылданырады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

студенттерді қазіргі тіл теориясының негізгі тұжырымдарымен, тіл білімінің даму тарихымен, неғұрлым маңызды бағыттармен, зерттеу әдістемесімен таныстыру.

Сондай-ақ студенттің білімді өз бетінше игеруіне негізделеді. Семинар сабактары студенттің ойлау қабілетін белсендіреді, берілген материалдарды толық меңгеруге, ұғынықты етіп талдауға көмектеседі.

### Оқыту нәтижелері

ОН 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін меңгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

ОН 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Қазіргі тіл теориясының негізгі тұжырымдарымен, маңызды бағыттарын түсіну

2. Тілдің даму заңдылықтары туралы түсінік қалыптастыру

3. Жалпы тіл білімі пәні бойынша зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану

### Пререквизиттер

Тіл біліміне кіріспе

### Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау Өндірістік (педагогикалық) практика

## Ғылыми зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізу

Пән циклі

Бейіндеуші пәндер

Курс

4

Академиялық кредит саны

4

Білімді бақылау нысаны

Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән мазмұны ғылым терминінің қолданысына шолу жасай отырып, ғылымының жіктелуін көрсетеді, ғылыми- зерттеу жұмыстарының жүргізілуі мен оның кезеңдерімен таныстырады. Ғылыми зерттеулердің әдісі мен әдіснамасын үйрете отырып, ғылыми- зерттеу жұмысының дайындық кезеңдерін игереді. Ғылыми ақпараттарды өндей алу туралы дағдылары қалыптасады. Ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялауды ғылыми этика қағидаларын біletін болады. Білім алушыларға қатысты ғылыми зерттеу жұмыстарының құрылымын меңгереді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын (ГЭЖ) жетілдіру мен одан әрі дамытуда ғылыми зерттеулердің әдістері мен әдіснамасы, ғылыми этиканың негізгі принциптерін оқыту, зерттеу нәтижелерін ғылыми жұмыстар түрінде рәсімдеу әдістемесін игеру.

### Оқыту нәтижелері

ОН 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

ОН9 Қәсіптік мақсат үшін оқыту ортасында пайдаланатын әдіс пен тәсілдемені, әдістеменің зерттеу бағыттары мен зерттеу әдістерін саралап, оқыту технологиясын бірізді және орынды қолдану, ғылыми тұрғыдан сараптамалық талдау жасау.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1 Ғылыми бағыт, ғылыми мәселе және ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбын таңдау алу

2 Ғылыми зерттеулер әдіснамасын менгеру

3 Теориялық және тәжірибелік зерттеулер сабактастырын білу

### Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

### Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

## Әдебиет теориясы

Пән циклі

Бейіндеуші пәндер

Курс

4

Академиялық кредит саны

5

Білімді бақылау нысаны

Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Әдебиет теориясының зерттеу обьекті – сөз өнерінің экендігін түсіндіру. Сөз өнерінің эстетикалық табиғатын таныту. Әдебиет теориясының келелі мәселелерін кеңірек және тереңірек түсіндіру. Көркем туындыларды, стильдерді, ағымдар мен жалпы әдеби үрдісті талдауға баулу. Әдеби дамудың тархи заңдылығын менгеру. Әдеби-теориялық ұғымдар бойынша мағлұмат беру. Әдебиеттің теориясын практикамен байланыстырып, көркем шығармаға талдау жасату. Проза, поэзия, драма жанрарына әдеби теоретилік талдау жасату.

### Пәнді оқыту мақсаты

Әдебиет теориясының жалпы мәселелері сараланып оқытылады. Әдеби теориялық ұғымдардың ғылыми сипаттамалары талдананып, көркем мәтіннің эстетикалық табиғаты, әлеуметтік мәнін, өзіне тән ерекшеліктерін, әдеби құбылыстардың қоғамдық негізін, әдебиеттің даму заңдарын, әдебиеттік әдіснама, бағыт пен ағым, әдебиет тектері (жанр), оның түрлері, көркем шығарманың композициясы, тілі, өзіне тән ерекшеліктері, өлең құрылышы тәрізді мәселелерді қамтиды.

### Оқыту нәтижелері

ОН 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін менгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

ОН 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Әдебиет теориясына қажетті біліммен қаруландыру

2. Әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен танысып, игеру

3. Әдебиет теориясының даму процесі, оның заңдылықтары, көркемдік тәжірибе дәстүрі мен жаңашылдық мәселелерін

көркемдік түрғыда қабылдай білу

**Пререквизиттер**

Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттер**

Өндірістік (педагогикалық) практика